


№31 (6054) Сенбі, 30 шілде, 2016 жыл
Газет 1940 жылғы 1 қарашадан бастап шығады

# 25 ЖЫЛДЫҚҚА ИГІЛІКТІ ІС

## немесе ауданымыздың бүгінгі даму қарқыны көңіл қуантады

Елтынды ДҮЙСЕНБАЕВ

***Үстіміздегі жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы. Осы мерекемен тұспа-тұс біздің мемлекетіміздің халықаралық аренада үлкен беделге ие болуы әрбір Қазақстандықтардың жүрегіне ерекше бір қуаныш, тебіреніс сезімдерін әкелгені жасырын емес. Біздің Қазақстанымыздың БҰҰ қауіпсіздігі кеңесінің жұмыстарына қоян-қолтық араласуы көп нәрсені аңғартса керек. Халықаралық деңгейдегі еліміздің тұғырының мықтылығы, ұстанымының ерекшелігі, орта Азия мемлекеттері арасынан жарып шығып БҰҰ қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне сайлануын ел мерейін өсірген еңселі іс деп айтуға толыққанды хақымыз бар. Бұл бағыттағы ұлт көшбашысы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың парасатты ойы, көреген саясатына тәнті болатындығымыз да рас. Тәуелсіздік туын 25 жыл көтертіп отырған Елбасымыз биылғы мерейлі жылы ел еңсесін көтеріп отырғанда Елбасына еліміз қандай сый әзірлеп отыр деген заңды сұрақта туады әлбетте. Ендеше, Ұлытаулықтардың Тәуелсіздіктің 25 жылдығына 25 игілікті іс бағытындағы атқарып отырған толымды істері осыған жауап іспеттес. Біздер аудан әкімі Х.Н.Омаровпен болған ауданның мәдени-әлуметтік ауылшаруашылығы, өндіріс салалары негізіндегі атқарылған көп-көрім жұмыстары туралы сауалнамасын қалың оқырманмен бөлісуді жөн көрдік.***



***Сұрақ: Биыл ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл деп отырмыз, осыған орай 25 игілікті іске нені жатқызар едіңіз?***

**Жауап:** Бұл бағыттағы жұмыстар ауданымызда толық қарқын алуда. Кең көлемдегі жұмыстарды аяқтауда үлкен біліктілікті, жауапкершілікті қажет ететіндігі де белгілі. Көптеген мәдени-әлеметтік құрылыс нысандары бой көтеріп, жүргізілуде. Мердігерлер жұмысы тапсырыс берушілер арқылы тұрақты бақылауға да алынып отыр. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналған мына төмендегі 25 игілікті іс міндетті түрде жүзеге асырылатын болады. Оларды қаржыландыру жағдайларыда толыққанды шешімін тапқан.

Атап айтқанда: 1. Аудан орталығы Ұлытау селосында денешынықтыру, спорт кешенінің құрылысын аяқтап, пайдалануға беру.

2. Ұлытау селосында екіпәтерлі 10 үйдің құрылысын аяқтау.

3. 10 жекеменшік үй салу үшін оған инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысын салып аяқтау.

4. Ұлытау селосында жаңадан отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның ғимаратын салып, пайдалануға беру.

5. Қарсақбай кентінде жаңадан отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның ғимаратын пайдалануға беру.

6. Қарсақбай кентінде «Ұлытау тау-кен байыту фабрикасы» жеке шаруашылық серіктестігінің техногендік минерал қалдықтарынан мыс өндіру зауытын іске қосу.

**(Жалғасы 6-7-беттерде).**

**АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ**

Ұлытау ауылы 27 шілде 2016 жыл

**АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ II СЕССИЯСЫН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ**

Алтыншы шақырылған Ұлытау аудандық мәслихатының III сессиясы 2016 жылдың 4 тамызда сағат 12.00-де (аудандық мәслихаттың мәжіліс залына) шақырылсын.

**Сессия төрағасы М.АҚШАЛОВ**

**ХАБАРЛАМА**

2016 жылғы 4 тамызда өтетін аудандық мәслихаттың III сессиясының қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. 2015 жылға арналған аудандық бюджеттің орындалысы туралы.
2. Аудандық мәслихаттың бюджет пен қаржы, экономикалық реформа мен заңдылық және құқық тәртібі жөніндегі тұрақты комиссиясының орындаған жұмыстары туралы есебі.
3. Жергілікті полиция қызметінің 2016 жылдың 6 айында атқарған жұмысы бойынша Ұлытау ауданының Жергілікті полиция қызметі басшысының есебі.
4. Әр түрлі мәселелер.

Аудандық мәслихаттың біріккен тұрақты комиссиялар отырысы сессияның алдында басталады.

**М.АҚШАЛОВ,**
**Аудандық мәслихаттың II сессиясының төрағасы.**

Ұлытау өңірі
30 шілде, 2016 жыл
№31 (6054)

Кәсіп пен нәсіп

# ТІГІН ШЕБЕРХАНАСЫ АШЫЛДЫ

Жасұлан АЯШЕВ

***Елбасы басымдық беріп отырған кәсіпкерлік саласы аудандарымызда да кең өріс алып дамып келеді. Бүгінде төменгі пайызбен несие алып, өз кәсібін дөңгелетіп отырған кәсіпкерлердің саны жылдан-жылға арта түсуде. Осының айқын айғағы «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша облыс әкімінің грантын ұтып алған жеке кәсіпкер Б.Көлбаева. Жуық арада Байқоңыр ауылынан «Айшагүл» тігін шеберханасын ашты.***



Жаңа нысанның лентасын аудандық кәсіпкерлер бөлімінің бастығы Г.Ауғанова менаудандық мәслихаттың депутаты Ш.Бекетов қиды. Бұл іс-шараға Ұлытау ауданы кәсіпкерлер палатасы филиалының директоры С.Оспанов пен село әкімі С.Әбжанов және ауыл тұрғындары қатысып, кәсіпкердің алдағы жұмысына сәттілік тіледі. Біз де жеке кәсіпкердің еңбегіне табыс тілеп, Б.Көлбаевамен әңгімелескен едік.



— Жұмысты енді бастадық. Міне, бүгін сол істі жүзеге асырып отырмыз. Ауыл тұрғындарының тапсырыстарын қабылдап, көңілдерінен шығатындай етіп дайындасақ, бұл біз үшін үлкен абырой. Тұрғындарға қазақтың ою-өрнекті көрпелерін, киіз үй жабдықтарын заманға сай әзірлеу біздің басты алда тұрған мақсатымыз. Оқушыларға арналған мектеп формасын тігу, тағы да басқа сұраныс бойынша тапсырыс қабылдаймыз. Қазіргі уақытта тігін шеберханасында бес қызметкер жұмыс атқарады, оның үшеуі мүмкіндігі шектеулі жандар. Егер тапсырыс көп болса, табысымызда көбейері сөзсіз. Алдағы уақытта тігінші мамандығы бар жастарды жұмысқа қабылдаймыз деген ойымызда жоқ емес, – деді кәсіпкер.




Тігін шеберханасы заманауи тігін машиналарымен және басқа да құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Тапсырыс беруші мата түрлерінде шеберханадан таңдап, өз қалауынша тіктіре алады. Біз де жаңа нысанның тыныс-тіршілігімен егжей-тегжейлі танысып, олардың жұмысына сәттілік тіледік.

Ұлт-азаматтық қозғалысына 100 жыл

# БЕКНАЗАРҒА БЕКІНГЕН САРБАЗДАР

Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ,
Қазақстанның құрметті журналисі



Ғасырлар бойы бодандық бұғауында болған халқымыз жат жұртшылықтардың езгісіне көніп езіліп жүре бермегені белгілі. Халық бостандыққа талмай талпынып, әдепсіз заманға, әділетсіз заңға қарсы ірілі-уақыт көтерілістер болып, бұғаудан босануға бұлқыныстар жиі болып тұрды. Өкінішке орай, оларды күші басым қару-жарағы мықты билеуші топ басып тастап отырды. Сол көтерілістер жеңіске жетпесе де елдің елдігін, ердің ерлігін көрсетіп, «бұратана халық» атайтындарға сел болып, аяқтарын аңдап басуға ықпал етеді. Десекте, тәуелсіздік жолында талай арыстарымыз құрбан болды. Сол көтерілістерді ұйымдастырған, оған қатысқандарды патша үкіметі аямай жазалап, бас көтертпестей етіп басып тастап отырды. Дұшпанына бас имейтін халқымыздың қанына сіңген қасиетіне ешбір күш кедергі бола алмады. Теңсіздік тепкісіне шыдамаған халқымыз жеңе алмайтынын біле тұра өзеуреген өктем күшке қаймықпай қарсылық көрсетіп отырды. Түбі жеңіске жеткендіктеріне сенді, өмірдің азабынада, жалғанның тозағына шыдап күресті.

Осындай көтерілістің бірі 1916 жылғы патшаның 19-31 аралығындағы қазақ жастарын Әскерге алу жөніндегі иоль жарлығына қарсы жасалған «Қарақойын көтеріліс» деген атпен Терісаққан өңірінде болған көтеріліс. Бұл маңызы жағынан да, алға қойған мақсаты жағынан-да, елде болған көтерілістердің бірде-бірінен кем түспейтін тарихи оқиға еді. Өкінішке орай, бұл оқиға осы уақытқа дейін зерттелмей қағаберіс қалып келді. Тек Сабыр Шәриповтың кітапбында ғана көрініс тапқан. Сондай-ақ сол кездегі ақын Базайдың Қуанышбайының «Қарақойын көтерілісі» деген еш жерде жарияланбаған поэмасы бар екен. Менің қолыма осы поэманың арабша жазылған бірінші бөлімі қолыма түсті. Ол толық болмағандықтан сол көтеріліске қатысқан, Текенің Мағзұмы, Кәрібайдың Ыбырайкесі, өзімнің әкемнен сұрап, тағы да басқа сол кезде болған қариялардан Дастанның Нұрасы мен Хасенінен, 110 жасқа келіп қайтқан Ермебай сияқты қариялардың әңгімелерінен көптеген мағұлматтарды жинақтаған едім. Әрине, ол кезде шофер болып жүретінмін. Өзім жазармын деп ойлағаным жоқ, осы оқиғаны зерттейтін адам болса соған берермін деп жазып алғанмын. Бұл алпысыншы жылдары болатын. Содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де бұл оқиғаны қозғаған ешкім болмады. Көп жылдар бойы менің архивнің арасында жата берірті. Өзімде ұмытып кеткенімді мойындаймын. Таяуда архивтерімді ақтарып отырғанда сол «Қарақойын көтерілісі» туралы жинақталған материалдарымды тауып алдым. Алла жар болсын осыны жазып, шығуды қолға алып отырмын сол көтерілісте шейіт болғандардың рухы риза болсын.

### ҰЛЫҚТАРДЫҢ ЫЛАҢЫ

Ақ патша иттің терісіне жазып «Қазақтан солдатқа адам алмаймыз» деп сенімхат берген. Алайда патша уәдесінде тұрмай 1916 жылы қазақтан «қарамалайлыққа» әскерге 19-31 аралығында жастарды алуға жарлық береді. Басқа жерлердегі сияқты бұған «он болыс орта Арғын» атанған «Қуандық», Сүйіндік сияқты ірі рулардың жастары да қарсы шығады.Бұл рулардың үй саны көп болмаса да байлығы жағынан Ақмола губерниясы бойынша бірінші орында болатын. Бұлар Атбасарға қарайтын. Атбасарға 250-300 шақырымдай жер. Бұл екі үлкен рудың ұйымшылдығы да күшті болды. Сондықтан ұлықтар бұл болыспен санасатын еді. Атбасарда жыл сайын үлкен жәрменке өтіп тұрады.Оған елдің барлық аймақтарынан келеді. Би, болыс, төре, шонжарлар тегіс сонда болады. Жоғарыда айтылған екі рудың өзі Қарақойын болыс болып, Атбасар уезіне қарайды.

1916 жылы маусым айында болған Атбасар жәрменкесін губернатор Сухамилинов келіп қатысып, таркайтын кезде қазақтан 19-31 аралығындағы жастарды әскерге, «қарамалайлыққа» алу жөніндегі патша жарлығын жариялады. Болыстарға бұл жарлықтың сөзсіз орындалуын тапсырды. Патшаның жарлығын орындаудан бас тартқандар қарсы шыққандар аяусыз жазаланатының ескертіп, күш көрсетіп қойды. Бұл жарлық елге тез тарады. Болыстардың адам бермейміз деуге шамалары келмей бәрі бастарын шұлғып, «Ләппай, тақсыр» деп тарасты.

Әрине, бұл хабар ел ішінде үлкен дүрбелең тудырды. Жастар сеңдей соғылысып, күндіз күлкі ден, түнде ұйқыдан айрылды. Ақыры Мырзақожаның Жақыбы, Жәнібектің Хасені, Дәулетбектің Исасы бастаған елдің жастары жарлыққа қарсы шығуға бел байлады. «Қазақ орыстың» құлы болмайды. Біз өзіміздің кең байтақ даламызда еркін өсуіміз керек. Біз орыстарға құлдыққа да (қарамалай), әскерге де бармаймыз, адам бермейміз. Өлсек өз жерімізде өліп, өз топырағымызда қаламыз. «Өліспей беріспейміз» -деп серттесіп сарбаз құрып қарсы шықпаққа келісті. Олар «Ақсарбас» құрбандық шалып, Бекназар жалынның етегінде жинала бастады.

1916 жылы шілде айының аяқ шенінде «Терісаққан өзенінің бойындағы» Сарыоба бекетінде төрт болыс Сүйіндіктің болыс сайлауы өтеді. Бұл Сарытау, Қызылкөл, Терісаққан, Сталифин болыстарың сайлауы еді. Оған төтенше сьездің төрағасы Водаников, қазақтан ат алатын инспектор Крестияский Начальниктер Понолмеирев, Баршевский, Приентов Камулла, Дане Ивановна, мұғалім, Тригарьев Иван, Урядник Иванов Атбасар қаласының атақты, байы Белов Петр Тетерович, тілмаш Мартемиян, бұлардан басқа 7-8 дәрігер бар, ұзын ырғасы 30 шақты адам келген. Оларды болыстар, болыстыққа үміткерлерін үй тігіп, топырлатып мал сойып қарсы алады. Терісаққан аймағының болысы болып, Мейрамқажы Жанайдарұлы сайланды. Болыстар сайланып болғаннан кейін төрелер «болыс болғандар кеуделеріне крест тағып жүру керек» деп бір-бір крес үлестіреді. Мейрам қажы Жанайдарұлы орыстың кресін тағатын болса болыстықтан бас тартатынын мәлімдеді. Төрелер қаншама азғырса да крест тағудан да, болыстықтан да бас тартады. Амал жоқ төрелер басқа адамды болыс етіп сайлауға мәжбүр болады. Болыстар сайланып болғаннан кейін Патшаның жарлығы бойынша әскерге «қарамалайлыққа» 19-31 жас аралығындағы жастарды алу жөнінде әңгімеге көшеді. Бұл жарлықты бүгіннен бастап орындайсыңдар, ешқандай қарсылық қабылданбайды – деп Төрелер ойлануға уақыт бермейді. «Болмайды» - деп бірақ кесті.

Мырзақожаның Жақыбы бастаған, Жәнібектің Хасені, Дәулетбектің Исасы ұлықтарды қоршап алып, «адам аламыз» деген райларыңнан қайтпасаңдар әйтеуір келетін бір өлім сендерді тірі жібермейміз-деп қасқайып тұрып алды.

*(Жалғасы бар).*

Тәуелсіздік тарихы



# ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ – МӘҢГІЛІККЕ

***Адам баласы, адамзат қоғамы қашанда алдағы болатын оқиғаны әрі аңсай, әрі абыржи тосқан ғой. Әсіресе, ғасыр, мыңжылдық сынды,тарихта өшпес ізі қалатын межелі кезеңдер таянғанда қатты қобалжығаны рас. Үшінші мыңжылдыққа аяқ басу үшін де бір ғасыр бойы дұрыстап әзірленіп, әр қилы милленаристік қозғалыстарды бастапты. Сарыуайымшылдар қауымы: «Киелі кітапта айтылатын қиямет-қайым деген орнаса, осы жолы орнайды. Жасаған күнәміз,істеген жаман істеріміз шашымыздан да асып кетті. Ол үшін күллі адамзат болып жауап беретін кезіміз енді келді», – деп қорқыпты. Қиялшылдар қауымы: «Жаратқанның жердегі,ақ желкенді кемемен жақсылық жағасына асыққан үмбетін тегіс жарылқайтын заманы енді орнайды. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман орнауын талай күтсек, енді сол заманға аяқ бастық», – деп қуаныпты. Сөйткен жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдық келді.Сол ғасырдың қызығын көріп өмір сүріп жатқан біз бір пендеміз.Сәуегейлер қанша құйқылжытқанмен, әзір бәрі бәз-баяғысынша. Таң орынынан атып тұр. Күн орынынан батып тұр. Қиямет-қайым болған жоқ.***

Адамзат жиырмасыншы ғасырдың табалдырығын неше түрлі әлеуметтік алақызбалыққа ұрынып, еліре аттапты. Енді сол өткеннің бәрі су сепкендей басылды. Тәңірім, жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдық табалдырығынан аттап отырған біздерді де қай-қайдағы әулекіліктерге ұрындырмай, етек жиып, ес түгендеп алуымызға мұрша бергізгей.Алтын уақытымыз тәуелсіз елдік бейбіт күндеріне ғана жұмсалсын деп тілейміз.

Төңірегімізге осы тұрғыдан көз тастасақ, көкте бір Тәңірге, жерде бір өзіңе ғана сеніп, көреміс жарықты көріп, бұйырмыс ырзықты татып, сүйгізген ұрпағын сүйіп, өлшеулі ғұмырға пейіл болудан басқаның бәрі күпірлік екендігіне көзіміз тегіс жете бастағандай. Оған да «шүкір» дейміз. Көңілге медет қыларымыз тек бір бұл емес. Ең бастысы, жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдыққа егемен ел, тәуелсіз ұлт болып аттадық. Бұған жеткен де бар, жетпеген де бар. Өйтіп, біреуді көріп шүкір етіп, біреуді көріп пікір ету үшін де өткенге ой, бүгінге көз жіберуге тура келді. Ол үшін, ең алдымен, бір сауалға – бұл күнге қалай жеттік? – деген сауалға жауап іздеуіміз қажет сияқты.

Егер біз сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен көз жүгіртіп байқасақ, ежелден–ақ ата-бабаларымыздың өз жерін еш жауға бастырмаған, ұлын құл, қызын күң еткізбеуге батырлық ержүректігін, жауына қатал, досына адал, шыбын жанын шүберекке түйіп, садақ ұстап қол күшіне сеніп, найзаның ұшына үкі таққан ұлдары мен қыздарының жауынгерлік үлгісі бізге аманат болып жеткен. Отанымызды қорғаған еліне деген сүйіспеншілігі, ерлер сияқты қолына қару алып, ат құлағында ойнап жүріп жауын жеңуі сақ қызы — Тұмар падишаның ерлік істері. «Маған туған жердің бір уыс топырағы да қымбат. Сонда енді не бар?!» деп тұрсыңдар ғой… Менде ел бар, менде жер бар, мен елімді-жерімді қорғадым, — деген Тұмар падиша осындай байтақ та бай дархан Отанымызды жұдырықтай жүрегіндегі ерлік сезіммен қорғаны сөзсіз. «Тар қолтықтан оқ тисе, тартып алар қарындас» — деп қыздарға сеніммен арқа сүйеген де, шашын төбесіне түйіп жауға шапқан,ержүрек батыр қыздардың Қазақ топырағында болуы бізді зор мақтанышқа бөлейді. Сол аға-апаларымызды еске алсақ біз олармен мақтанамыз,ерліктеріне сүйсіне қараймыз.

Еліміздің сан ғасырлық тарихында мақтаныш тұтар, бүгінгіміз бен келешегімiз үшін ғибрат алар,кеудемізге қиналғанда үміт отын жағар оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып ұйысуы мен оның ұлан ғайыр ата-қонысының (этникалық территориясын) қалыптасуын; ұлттық мемлекттігіміздің бастауы – Қазақ хандығының құрылуы мен дамуын; өзі отырған тағы емес, билеп отырған халқының бағын ойлап,жау қолына тойтарыс берген хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан ақыл-кеңес берген,кемшілікті айта білген ұлы билер дәстүрлерін; ата-бабаларымыздың елімізге,халқымызға тән өзіндік шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруын, таңғажайып этномәдени үлгілерін жасау арқылы әлемдік өркениетке қосқан алып үлесін, батырларымыздың жер мен ел-тәуелсіздігі мен ата-қоныс тұтастығын сыртқы,тіпті қала берді ішкі жаулардан қорғаған үлгісін жатқызуға болады.

Алла Тағала біздің елімізге осыншама кең жерді нәсіп еткенін түсінуге ұмтылсақ, ұшқан құстың қанаты талатын осынау ұлан ғайыр Алтай мен Атырау аралығын ата-бабларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап келген. Ата жауымыз болған сан жылдық қарсылас жоңғарлардан даламызды арашалап қалған батырларымыздың ерлігі туралы дәстүрлі тарихи жырлар Исатай, Махамбетке байланысты мұралар, Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы көтерілген ұлт-азаттық қозғалыстың басты кейіпкерлері туралы жыр-дастандар біздің ұлттық сана-сезімімізді көтереді.

Азаттық қазақтың ежелгі арманы еді. Түлкі бұлаң тарихтың нешеме бұрылысында ел азаттығы үшін талай тарланның тақымындағы тер кеппеді. Ат үстінде өткен ғасырлар көп болды. Қазақтың соңғы ханы Кенесары азаттық үшін күресте айрықша қылыш сермеді. Қаша ұрыс салып жүргенде қапы кетті. Ханның басы қанжығада кете барды…

Ата дініміз ислам болғандықтан, мұсылмандық сабырлықпен, ұстамдылықпен соғысқан Кенесары жауынгерлері әуелі «Алла» деп, содан кейін «Абылай», «Ақжолтай» деп, өз ерлерінің қадірін бағалай біліп, ұранға айналдырғаны мәлім. Әруақтарын ұран қылғанда ол есімдерге Алланың ерекше нұры түскенін мойындап, сол арқылы сол кезде қажет рухани күштің әсерін сезінгендері белгілі. Бізге бүгін қажет жігерліктің, батырлықтың, біліктіліктің, адалдықтың, Отансүйгіштіктің мысалдары өткен тарихи оқиғаларымызда жатыр.

Ел басына күн туғанда даналығымен, батырлығымен, парасаттылығымен ел мұңын, халық сырын, тарих үнін түсіне білген, халықтың басын қосқан, халық мүддесі жолында, табандылығында, тапқырлығын да таныта білген хан Абылай Қазақ халқының күшін тасытты, мәртебесін көтерді, Қазақ елін аса іргелі елге айналдырды. Батырларын, елін сүйген ерлерін, ақын-жырау өнерпаздарын достық –бірлікте ұстап, оларды жүзге бөліп жармады.Жауын торғайдай тоздырып, тарыдай шашып, ірімшіктей іріткен, қоқңдап қоңқылдаған Қоқанмен де, қалың қара Қытаймен де, ормандай орыспен де тіл табысқан бабамыздың даналығының арқасында, осы біз өмір сүріп отырған аяулы Отан- Қазақстан жері сол бабалардың сақтап қалған, бізге қалдырған асыл мұрасы екені сөзсіз.

Айдын шалқар,
күміс сулы бұлағым,
Жасыл –желек
ат көрінбес құрағым.
Мыңырған мал
даласында жайылған,
Бабалардың болған
сондай тұрағы.
Бұхар, Қоқан
бұл байлыққа қызықты,
Орыс патша арам
ойлы бұзықты.
Қорған салып, жерін алып,
қуса өзін,
Сонда көрген сорлы
Қазақ шыжықты.
Қазақта жер қалмады
патша алмаған,
Елін, жерін, малын
тегіс жалмаған.
«Қойға тиген
қасқырдай» боп қазақтың,
Отаршылдық қыр
соңынан қалмаған…

Халық басына осындай қиын-қыстау заман зары туған шақта, Қазақ қауымының бас көтерген батыр да ержүрек перзенттері елдің елдігін, ердің ерлігін сақтап қалды.

Абай, Шоқан, Ыбырай дәуірін қылыштан гөрі қаламның қуатты екенін дәлелдейді. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басын ала бере тарих сахнасына қазақтың оқығандары шықты. Ол кезде Отанымызда кеңестік кезең орнаған еді. XX ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысында күшейген Сталиндік әміршіл-әкімшіл жүйе қоғамның тарихи заңдылықтарына қайшы келетін эксперименттер жасағанын бірінші кезекте айтар едік. Олар бүкіл КСРО-ны, оның ішінде Қазақстанды да қамтыды Бұл эксперименттердің басты бағыттары мынадай болды: ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру және соның негізінде байлар мен ауқатты шаруаларды тап ретінде жою; аса тез қарқынмен елді индустрияландыру (бұл шара негізінен колхоздарға зорлап кіргізілген шаруаларды аяусыз қанау есебінен жүргізілді); мәдени-рухани салада, демографиялық саясатта, ұлт мәселесінде жергілікті (ұлт аймақтарындағы) халықтарды орыстандыру; қоғамдық саяси өмірдің негізгі салаларында тек қана комунистік идеологиялық үстемдігін орнату.

Осылардан туындайтын және басқа да ірілі-ұсақты шаралар болды.Тоталитарлық тәртіп жүзеге асырған халыққа жат саясат аса зор, қасіретті зардаптар әкелді: жаппай отаршылдықтың салдарынан Қазақ халқының жартысына жуығы қырылды; өзінің атамекенінен басқа елдерге ауа көшті, тіл мен діл, дін мен ұлттық сезім, таным жойыла бастады;қазақ халқы өз жерінде ұлттық азшылыққа айналды…

Ахмет, Әлихан, Міржақып, Мағжан, Мұстафа, Смағұлдар алаш туы астында ел болуға, мемлекет құруға шақырды. Сұлтанмахмұттың «Өлер жерден кеттік біз, бұл заманға жеттік біз» деп жапанға жар салатын кезінде ұлт зиялылары не істеу керек, қайтеміз, қалай ел боламыз?- деп ойын он саққа, қиялын қырық саққа жүгіртіп еді. Сонда Әлихан Бөкейхан «Автономия, бізге керегі – автономия!» деп қайта-қайта шырылдап, телеграмма салумен болды. Сондағы ойы «мемлекет құрып алайық, мемлекетіміз болса, қалғанының бәрі болады» деген асыл арман-ды. Қазақ автономиясын жариялағанда алаштың арыстары «міне, ел болдық, еркіндік өз қолымызға тиді» деп бөркін аспанға атты. Алайда, бұл қуаныш ұзаққа бармады. Қазақтың еркіндігінен қорыққан қызыл империя көсемдері алаш туы астына бірікендердің бәрін біртіндеп құртты. Ең алдымен Жүсіпбек Аймауытовты атты. Қалғандарын, қиындағы Шәкәрімнен бастап қаладағы Қазақ оқығандарын түгел қырды. Мұстафа Шоқай шетел асты… Алашорда партиясына мүше болғандардан жалғыз Мұхтар Әуезов қана аман қалды… Алаш деген сөзді тарихи санадан өшіру әрекеті басталды. Дүниедегі ең жек көрінішті сөзге айналдыруға тырысушылардың «еңбегі» зая кеткен жоқ. Әлі күнге дейін кейбіреулер алаш дегенде селк ете қалады… Қазақтың өз билігі өз еркінен кеткен соң қара халықты қалай қорлаймыз деп қызыл империя аса қиналған жоқ.

… 32-33-тің ашаршылығы қолдан жасалды.

… 36-37-нің қырғыны әдейі істелді.

1937-1938 жылдары яғни, бір жылдың ішінде 125 мың Қазақ зиялысы қырылған. Жоғары білімді қазақтың бетке ұстайтын азаматтарының бар кінәсі — көзі ашық болғаны, өз ұлтының намыс-сезімін жақтағандары еді. Бүгінгі ұлттық сана-сезіміміздің құны осыншама құрбандықпен келгенін есте сақтағанымыз жөн болар еді. Осы асыл азаматтардың үзілген жас, қыршын өмірлері, орындалмаған үміттері, армандары бізге аманат сияқты болып көрінеді.

«Мен үшін Отаныма адал солдат болудан артық бақыт жоқ», — деп Ислам Жеменей айтқандай, Отан қорғау жолында 1941-45 –ші жылдары ең көп қырылған Қазақ солдаттары еді. Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1 миллион 196 мың адам қару асынып, майданға аттанды. 700 мың адам еңбек армиясының сапында болды. Соғыстан тек 410 мың Қазақстандық жауынгер ғана оралды.

**(Материал ғаламтордан ықшамдалып алынды).**

*(Жалғасы бар).*

# РУХАНИЯТ
## Әдеби-танымдық бет

**Дін мен дәстүр**

*Бала дүниеге келгесін бір аптадан кешіктірмей ат қою қажет. Мұны бірнеше күн бұрын немесе кейін атқарса да болады. Мұхаммед (с.ғ.с.) Ибраһим деген баласы туылған кезде бір аптадан кейін Аллаға бір мал садақа берген. Шақырған қонақтары ішіп-жеп болған соң, олардың алдында сәбиге ат қойылды. Сол күні баланың шаштары алынып, сол шаштардың салмағындай ақшаны Алла жолына садақа етті.*

# Балаларға ат қою

## Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеті



Балаға ат қою тәртібі азан шақырумен басталады. Баланың аяғын Құбылаға қаратып жатқызып, оң жағында тұрып азан, сол жағында қамат айтады. Соңынан: «Сенің атың пәлен болсын»,-деп құлағына қойылған есімді үш рет естіртеді. Ата-анасының перзенті алдындағы борышы осымен басталады. Хадисте: «Әкенің бала алдындағы міндеті — жақсы ат қою және жақсы тәрбие беру»-делінген. Отансыз адам болмайды. Ал Отаны болған адамның бойында ата құлқы, ана сүтімен бойына сіңген Отанына деген сүйіспеншілік болуға тиіс. Басқаны былай қойғанда, ата салтымызды ардақтап, ұл-қызымызға ежелден қалыптасқан нағыз қазақ есімдерін қою — отаншылдық рухта тәрбиелеуде маңызы зор екендігіне сөз жоқ. Алайда, өткен зобалаңдардан халқымыз көптеген рухани құндылығынан айырылды. Ғасырлар бойы қалыптасқан тек қазақ халқына тән өзгешеліктерді қасиет тұтудан гөрі «дамыған батысқа» еліктеушілік әдетке айналды. Тіпті, адамға есім қоюдың өзі батысқа еліктеушіліктен тыс қалмай, қазақтардың ішінде Партия, Октябрь, Роман, Альберт, Роберт, Мэльс деген секілді есімдер пайда болды.

Ислам ұғымында ата-ананың баласы алдындағы парызы — имандылыққа тәрбиелеу. Себебі, имандылық адам өмірінің нәрі. Ал, имандылық адам бойына қайдан сіңісті болмақ? Әлбетте, оның негізі отбасында. Әке мен ана — отбасының тірегі болып есептеледі. Шынымен бала тәрбиесі тұрғысынан алғанда әкенің қолында болат қашау, шешенің қолында күміс жоңғыш бар. Осы себептен, баланың тәрбиесіне қатысты жауапкершілік міндеті ең алдымен ата-анаға жүктеледі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әкенің баласы үшін жақсы тәрбие беруден артық сыйы жоқ»,-деген. Мұсылманда балаға әдемі ат қою, мұбарак есім беру басты шара. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қиямет күні өз аттарыңыз және әкелеріңіздің аттарымен шақырыласыздар. Сондықтан балаларыңызға жақсы ат қойыңыздар»,-деген екен. Расулуллаһ (с.ғ.с.) мағынасыз және жағымсыз аттарды жақтырмайтын еді. Бірде Хузн деген сахабамен кездескенде, одан: «Атың кім?»-деп сұраған. Ол: «Хузн (яғни «қайғы»)»,-дегенде Мұхаммед (с.ғ.с.): «Сенің атың — Сахл (мағынасы «жеңілдік») болсын»,-депті. Сахаба: «Жоқ, әкем қойған атты өзгертпеймін»,-деп өлгенше сол атпен жүріпті. Ал, Хузнның баласы кейін: «Әкем қойған атын өзгертпеді. Біз ешқашан қайғыдан құтылмадық»-деген екен.

Балаға ат қойғанда екінші бір мәселе бар. Алланың «Аллаһ» есімінен басқа және 99 көркем есімі бар. Бұлар — Алланың сипаттары. Көп адамдар Алланың осы сипаттарын есім ғып қояды. Ислам ғұламаларының айтуы бойынша Алланың кейбір сипаттарының тек өзін балағат қылып қоюға болмайды. Мысалы, «Халиқ» – «Жаратушы» деген сөз. Адам немесе бала жаратушы бола алмайды ғой. «Құддыс» — «Кемшіліксіз», «Рахман» — «Аса қамқор». Бұл есімдер тек Алланың өзіне ғана лайық. Егер осы Алланың сипаттарын білдіретін аттарды қоюды қаласаңыз, онда «абд», яғни «құлы» деген сөзді қосу керек. Мысалы, Абдыхалық — Жаратушының құлы, Абдырахман — аса қамқор Жаратушының құлы. Және Ислам ғұламаларының пікірінше, Алланың сипаттарын білдіретін аттарды қоюға болады. Бірақ, ол адам сол есімге лайық болуы керек. Мысалы, Ғалым — білуші, Самиғ — естуші, Басыр — көруші, Қадыр — күші жетуші. Абзалы осы сипаттардың алдына «абд» сөзін жалғау. Мысалы, Абдығалым – білушінің құлы немесе білушіден сұраушы, Абдысағим – естушінің құлы, Абдыбасыр — көрушінің құлы, Абдықадыр — күші жетушінің құлы.

Енді Ислам дінінде кітаби аттар бар. Бірде Жебірейіл (ғ.с.) келіп, Мұхаммедке (с.ғ.с.): «Я, Мұхаммед! Алла Тағала Сізге сәлем жолдап, мынаны айтты: «Я, Әуелгі және Ақырғы пайғамбар! Егер сенің үмметіңе осы аттарды қойса, оларға көз азабы болмайды»,-деді. Сол аттар мыналар:

– Егер жексенбі күні немесе түні ер бала туылса — Ибраһим, Сүлеймен, Хаким, егер қыз бала туылса – Халима, Ажар, Сара.

– Дүйсенбі күні немесе түні ер бала туылса — Ахмед, Мұхаммед, Хамит, Махмуд, егер қыз бала туылса – Фатима, Айша, Хатима, Салиха.

– Егер сейсенбі күні немесе түні ер бала туылса — Исмаил, Ысқақ, Садық, егер қыз бала туылса – Салима, Рабиға, Рахима.

– Егер сәрсенбі күні немесе түні ер бала туылса – Ғали, Сейдуллаһ, Харун, егер қыз бала туылса – Бағила, Ұмсын, Раила.

– Егер бейсенбі күні немесе түні ер бала туылса — Әбубәкір, Омар, Осман, егер қыз бала туылса – Гүлсім, Мағира, Маймуна.

– Егер жұма күні немесе түні ер бала туылса – Жүніс, Жүсіп, Адам, егер қыз бала туылса – Рабиға, Сара, Мәриям.

– Егер сенбі күні немесе түні ер бала туылса – Әбдірахман, Абдулла, Әбдірахим, егер қыз бала туылса – Зауре, Хадиша, Салима, Сағира деп есімі қойылса құба-құп.

Алла Тағала бала берсе Алланың жолына хақиқи құрбан (нағыз) шалынады.Осындай құрбан шалудың сауабы өте көп. Ислам ғалымдарының айтуынша хақиқи құрбандық садақа — баланың өлім-жітімнен, қауіп-қатерден сақтайды. Қиямет күнінде сол балалар әке-шешесіне шағатшы болуына себеп болады, яғни сол бала ізгі, жақсы жолмен жүреді. Бұл садақаның уақыты бала дүниеге келген соң бір аптадан бір жылға дейін.

**Әнуарбек ДӘУЛЕТКЕЛДІҰЛЫ,**
**Сарысу ауылдық мешітінің**
**Бас имамы.**

**Атадан қалған асыл сөз**

Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ағала ордам қонған жұрт,
Атамыз біздің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт,
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт,
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт,
Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып
Жанға сақтау болған жұрт.
Салп-салпыншақ анау үш өзен,
Салуалы менің ордам қонған жер,
Жабағылы жас тайлақ
Жардай атан болған жер,
Жатып қалған бір тоқты
Жайылып мың қой болған жер,
Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,
Жары менен сайы тең,
Батташығы бұзаудай,
Боз сазаны тоқтыдай,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,
Балығы көлге жылқы жаптырмас,
Бақасы мен шаяны
Кежідегі адамға
Түн ұйқысын таптырмас
Қайран менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
Қайырлы болсын сіздерге
Менен қалған мынау Еділ жұртым!..

**Қазтуған жырау СҮЙІНІШҰЛЫ.**

**Біле жүріңіз**

# ЖЕМІСТЕР ДЕ СЫР ШЕРТЕДІ



*Адамның жан дүниесін зерттейтін ғылымдар арулардың қандай жемісті ұнататындығына қарап мінезін білуге болатынын айтады. Жаныңыздағы бикештердің қыр-сыры қаншалықты сәйкес келеді, байқап көріңіз.*

*— Егер оның алмаға ынтықтығын байқасаңыз, онда оның өзі де сондай қатты болғаны. Қиялшыл емес, өмірге икемді, өзіне сенімді жан. Бастысы, одан жақсы ана шығады.*

*— Алмұртты сүйіп жейтіндер – сиқырлы тілімен, сөзімен, қылығымен сізді баурап алатын күшке ие. Түсінігі мол. Олар қашанда көмек қолын ұсынуға дайын тұратындар.*

*— Жүзімге құштар бикештер, әдетте, құмартқан дүниесін алмай қоймайтын сұлулар екен. Бірақ оларды жалғыздық қорқытады.*

*— Құлпынайға құмарлар өзгелерден артықшылығын көрсетуге тырысады. Сондықтан да болар адамдармен тез тіл табысады.*

*— Апельсин жегіштер — жігерлі, іскер. Топ ішінен жарқырап көрінгенді ұнатады. Өзгелерді өзіне тез баурап алады. Сондай-ақ, тез суынып кететіндер де осылар.*

*— Бананды жақсы көретіндердің жаны сезімтал, жараланғыш келеді. Өзіне сын айтқанды кешіре алмайды. Өте өкпелегіш. Алайда, отбасының бақыты үшін құрбандыққа шалудан да тайынбайды.*

**Тәшен ЕСІМСЕЙІТҰЛЫ.**
Мибұлақ ауылы.

***Материалдарды жинақтаған Рахымжан ӘДЕНҰЛЫ.***

Имандылық иірімдері

# ОЙЛАСАҢ СҰРАҒЫН ҚАБІРДІҢ, БІЛЕСІҢ ӨМІРДІҢ ҚАДІРІҢ!

***Мейірімді Раббымыз Алла Тағала Құран кәрімде: «Әрбір жан иесі өлімнің дәмін татады» (Әли-Имран, 185а)- дейді. Бұл аятта Жаратушы Иеміз адам баласының мына жалған дүниеде мәңгі қалмайтынын айтып тұр. Әрбір адамның тағдырына жазылған белгілі ғұмыры біткеннен кейін, топырақтан шыққан тән топыраққа қайта тапсырылады. Адам баласы мейлі су астында, мейлі ғарышта, мейлі денесін жағып күлге айналдырып жіберсін, сонда да міндетті түрде қабір әлеміне, қабірдегі өмірге соқпай өте алмайды. Қасиетті Құран кәрімде Нұх (а.с.) пайғамбардың қауымы жайлы: «Суға батырылады да, отқа салынады»-деген аяттағы (Нұх сүресі, 25-аят). «фә» жалғауы араб тілінде істің бірден болғандығын білдіреді. Демек, Нұхқа (а.с.) иман келтірмеген қауымның суға батып өлгеннен кейін бірден отқа салынғандығы айтылып тұр. Ондай болса, ол от қияметтегі азап емес, керісінше қабірдегі азаптың ақиқаттығының дәлелі.***

Бұл өмірде әрбір адамзаттың сағаттары мен минуттары санаулы. Сол санаулы сәттер біткеннен кейін пенденің тәні жанынан ажырайды. Ғалымдар бұл өткінші өмірді мәңгілік өмірмен былай салыстырады. Алла адамзатқа ұйықтағанда нәсіп болатын жасырын бір өмір тәріздес түс деген нығметті берген. Кейбіреулер ояна салып: «түнімен түс көріп шықтым» деп жатады. Алайда адам ешқашан түнімен түс көрмейді екен. Қысқа болсын, мейлі қаншалықты ұзақ болсын адам кез-келген түсті сегіз-ақ секунд көреді. Ғалымдардың айтуы бойынша бұл өмір сол сегіз секундтық түс болса, ал мәңгілік өмір бір адамның осы дүниеде жасаған 80 жылдық өмірі сияқты дейді. Сонда адам баласы бұл өмірде 80 жыл өмір сүрсе де мәңгілік өмірмен салыстырғанда сегіз секундтық өмірмен тең көрінеді. Адамның ақырет үшін жинаған жемісі ең бірінші қабірде беріледі. Бұл өмірді Аллаға шын берілумен, тақуалықпен, құлшылық ғибадатпен өткізсе, ол адамның қабірі жаннаттың бір бағына айналады, ал егер адам өмірін ғапылдықта дінсіз, Алласыз өткізсе оның қабірі жәһаннамның бір шұңқырына айналары сөзсіз. Алланың елшісі (с.ғ.с.) бір сөзінде: «Қабір жәннат бақтарынан бір бақ немесе тозақ шұңқыраларынан бір шұңқыр». Пенденің уақыт-сағаты біте салысымен екі періште оның жанын көкке көтеріп әкетеді. Әбу һурайра (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Мүміннің рухы шықса, оны екі періште алып көкке көтеріледі»-, дегенін риуаят еткен. Адамдардың істеген істеріне орай, жанның тәннен ажырауы мен көтерілуі екі түрлі көріністе жүзеге асады.

Салиқалы пенденің рухының көкке көтерілуін пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабаларына бүге-шігесіне дейін сипаттап: «Егер (мүміннің) рухы (тәнін тастап) шықса, оған аспан мен жердің арасындағы барлық періште және аспандағы әрбір періште игілік тілейді. Ол үшін аспан есіктері ашылып, оған әр есіктің тұрғындары дұға етеді. Егер оны (өлім періштесі) алса, оны қас-қағым сәтке де (басқа періштелер) алғанша қолынан түсірмейді. Олар оны жәннаттан әкелген кебінге орап, жәннаттан әкелген жұпармен хош иістендіреді. Алла тағаланың: «Елшілеріміз (періштелеріміз) жанын алады әрі ешқандай кемістік жасамайды» («Әнғам сүресі, 61-аят) –деген сөзінің мәнісі осы. Және одан (рухтан) жер бетінде теңдесі болмаған жұпардың хош иісіндей жағымды иіс шығады. Сосын оны алып, жоғары шығады. Қашан олар періштелер тобының қасынан өтсе, олар (періштелер): «Бұл кім деген жақсы рух?»-деп сұрайды. Олар (алып бара жатқан періштелер): «Бұл пәленше ұлы пәленше!»-деп, оны дүниедегі ең көркем есімдерімен таныстырады. Сөйтіп, олар төменгі аспанның соңына жетеді. Содан соң (аспан күзетшілерінен) кіруге рұқсат сұрайды да, ол үшін (аспан) ашылады. Оны әрбір аспаннан жақындары (періштелер) келесі аспанға дейін шығарып салады. Сөйтіп, ол жетінші аспанға жетеді.Сонда Алла тағала: «Пендемнің кітабын ең жоғары дәрежелердің қатарында жазыңдар деді»- деп айтқан. Мұнан кейін пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Алла тағаланың: «Ең жоғары дәреженің не екенін қайдан білесің? Ол — жазулы бір кітап. Оны Аллаға жақын періштелер бақылайды» (Мұтаффифин сүресі, 19-21-аяттар)-деген сөздерін оқыды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сөзін жалғастырып: «Сөйтіп, оның кітабы ең жоғары дәрежелердің қатарында жазылады. Сосын Алла тағала періштелерге: «Оны жерге қайтарыңдар! Расында, мен оларды содан жараттым және оған қайтарамын. Сосын одан қайта шығарамын-дейді»,-де. Осы оқиғадан кейін қабірдегі «Барзақ» өмірі басталып кетеді. Ал күнәһар пенденің жанының көтерілуіне тоқталар болсақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.)кәпір әки күнәһар адамнан алынған рухы туралы: Оны (мәйітті) аспан мен жержің арасындағы әрбір періште лағынеттейді және оған аспан есіктері жабылады. Әр есіктің тұрғындары Оның рухының өздері жаққа көтерілмеуіне Алладан дұғамен тіледі. Өлім періштесі оның жанын алады. Жанын алып болған соң, оны қас-қағым сәтке болса да қолында ұстап тұрмайды. Сосын оны басқа періштелер от кебінге салады. Одан жер бетінде болмаған өлексенің сасық иісі шығады. Сөйтіп, оны жоғары алып шығады. Олар қашан бір топ періштенің жанынан өтсе, ол (періштелер): «Бұл жаман рух кім?»-деп сұрайды. Олар: «Бұл пәленше ұлы пәленше!»-деп дүниедегі оның ең ұнамсыз аттарымен таныстырады. Сөйтіп, төменгі аспанға жетіп, кіруге рұқсат сұрайды, сонда оған аспан ашылмайды,-деп айтқан. Мұнан кейін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): Алла тағаланың «Оларға көктердің есіктері ашылмайды. Және олар түйе иненің көзінен өткенге дейін жұмаққа кірмейді. Осылайша бұзақыларды жазалаймыз» (Ағраф сүресі, 40-аят)-деген аятын оқыды.

Пайғамбар (с.ғ.с.) сөзін жалғастырып: «Сосын Раббымыз «Оның кітабын сижжинде, ең төменгі жерде жазыңдар. Құлымды жерге қайтарыңдар! Расында, мен оларды содан жараттым және оған қайтарамын. Сосын одан қайта шығарамын!»-дейді. Сөйтіп, оның рухы аспаннан жерге қарай лақтырылады»,-деген. Содан соң Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Алла тағаланың: «Кім Аллаға ортақ қосса, сонда ол көктен құлап, оны құс іліп әкететін немесе оның ұзақ мекенге жел ұшырып кететін нәрсе сияқты» (Хаж сүресі, 31-аят) деген аятын оқыған (Ахмад).



Адам баласы бұл өмірде қалай өмір сүрсе, қабірде де дәл сол күйде болады. Алланың қалауымен адам қабірдегі құбылыстардың бәрін көріп, ести де алатын болады. Бұған дәлел ретінде Мұхаммед (с.ғ.с.): Еш күмәнсіз, өлген кісі көмілгеннен кейін, көміп бара жатқан адамдардың аяқ дауыстарын еститіндігін,-айтқан (Бұқари).

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Бәдірде өлтірілген кәпірлерді бір құдыққа тастауға әмір етті. Ертесіне Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сол жерге барып олардың әрқайсысының есімін әкесінің есімімен қосып: «Ей, пәленше ұлы пәленше» деп атады да былай деді: «Раббыларының сендерге берген азабын көрдіңдер ме? Еш күмәнсіз, Раббымның маған сөз берген жеңісін көрдім»,-деді. Оны естіген Хазіретті Омар (р.а.): «Уа, Алланың елшісі! Сен өлген біреулермен сөйлесіп жатырсың ба?-деді. Бұған Пайғамбар (с.ғ.с.): «Мені хақ дінімен жіберген Алланың атымен айтайын, тіпті сен мені олар сияқты жақсы ести алмайсың» (Бұқари, Мүсілім),-деді.

Қабірдің өзі адам үшін әзірленіп, қайтқан кісі жақсы амал етсе, жер де ол адам үшін жұмсақ, әрі жайлы болады. Ал, адамның жасаған амалы жаман болса, жер де қатулық танытып, тіпті адамды қабылдамауы да мүмкін болатын кездер болады. Адам қабірге қойылғаннан кейін Алланың рұқсатымен екі періште ол адамды сұрақтың астына алады. Бұл жайында Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) өлген кісі көмілгеннен кейін, оған қап-қара екі періште келеді. Бұлардың бірі Мүнкәр, екіншісі Накир есімді екі періште өлген кісіге Алланың бұйрығымен оған рухын қайтарады да, сұраушының сұрағын түсінерліктей өлім мен тіршіліктің арасында орташа бір халде тірілтеді де, сезімдері мен ақылын қайтарады. Сөйтіп, ол сұралған кезде жауап беруге шамасы келеді, сол кезде оған екі періште: Раббың кім, дінің не? және сендерге жіберілген кісі жөнінде не айтасың деп сұрағанда мүмін адам: «Раббым — Алла, дінім — Ислам, бізге жіберілген пайғамбар — Мұхаммед (с.ғ.с.) деп жауап береді. Сонда екі періште оған: «ана тозақтағы орнына қара! Алла оны саған жәннаттағы бір орынмен ауыстырып қойды»,-деп баян етеді. Бұдан кейін қабір жетпіс есе кеңейтіліп, жап-жарық болып нұрға толады. Ал дінсіз немесе екіжүзді адам болса: «білмеймін, ол жайында адамдар не айтса, соны айтар едім»,-дейді. Кейін періштелер: «сен оны айтпадың да, білгің де келмеді»,-дейді. Кейін оған лайықты азап беріледі. Періштелер жерге: «оны қыс»,-деп әмір етеді. Жер адамды қысады да, оның қабырғалары бір-біріне кіріп кетеді. Алла ол адамды қайта тірілетін күнге дейін азаптайды (Тирмизи).

Осман ибн Аффан (р.а.) қабір қасында отырып қатты жылайды. Қасындағылар «жәннат пен тозақты ойлап жыладыңыз ба?»-деп сұрайды»-жоқ, оған емес, ақиқатында, қабір – ақырет мекендерінің бірі, кім қабірдің сұрағынан жеңіл құтылса, одан кейінгі сұрақтар жеңіл болады» (Тирмизи),-деді.

Әбу Ләйс Самарқанди: «Егер мына жерге тіл бітетін болса, онда адам баласына былай айтар еді: «Ей, адам баласы, үстімде жүресің, ішімде қамалып жатасың, үстімде кез-келген нәрсені жейсің, ішімде сені құрт-құмырсқалар жейді, үстімде мәз-мейрам болып күлесің, ішімде қайғырып жылайсың, үстімде топпен жүресің, ішімде жалғыз қаласың, үстімде күнә жасайсың, ішімде азапталасың»,-деп айтқан болар еді. Көріп тұрғанымыздай әр адамның кездесетін әлемі қабір болады. Бірақ қабірдегі хәліміз жақсы болу үшін біздің бүгінгі амалымыз ізгі болуы тиіс. Кім қабір азабынан құтыламын десе, ғалымдар төрт амалды жасап, төрт нәрседен бойын аулақ ұстау керектігін айтқан. Жасалынуы тиіс төрт амал:

1. Намаздарға бекем болу;
2. Садақаны көп жасау;
3. Құранды көбірек оқу;
4. Алланы көп ұлықтау

Аулақ болатын төрт нәрсе:

1. Өтірік айтпау;
2. Ешқашан қиянат жасамау;
3. Бүкіл өсекшілердің бәрі күнәһар;
4. Зәрден сақтану;

Кім осындай жақсы амалдарды өзіне серік етіп, ғұмырын салиқалы өткізсе, оның қабірі жанының рақаты болары сөзсіз. Ал, кім осынау өткінші өмірде бойын күнәлі істерге жеңдіріп, нәпсісіне ерік берсе, қабірдегі хәлінің мүшкіл болатыны да ақиқат десе және тағы бір риуаятта Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қабірлердің жанынан өтіп бара жатып, екі қабір иесі жағдайын баяндап: «Расында, бұл екеуі азапталып жатыр, бірақ үлкен күнәмен азапталып жатқан жоқ. Кейін, «иә, ол екеуінің бірі сөз тасып жүретін еді, ал екіншісі кіші дәреттен кейін тазаланбайтын еді»,-деді.

Пағамбарымыз (с.ғ.с.) қабірлердің жанынан өткенде олардың дауысын еститін болған. Егер адамдарда қабір азабының дауысын есту қабілеті болғанда, қабірге деген қорқыныштан олар бірін-бірі жерлемей, тіпті өмір сүруінің өзі қиындап кетер еді.

Әбу Айюб әл-Ансари (р.а.): «(Бірде) Алла елшісі (с.ғ.с.) күн батқаннан кейін (тысқа) шықты. (Кенет) дауыс естіді. Сонда (сахабалар): «Не естідің, уа, Алланың елшісі?»-деп сұрады. Алланың елшісі (с.ғ.с): «Яһудилер қабірлерінде азапталып жатыр – деп айтты» (әл-Бұхари, Мүсілім), - деген.

Өмір ақиқат, өлім ақиқат. Расында, өмір өткінші, алдамшы, өзіндегі барымен адамзатты арбап, жалғанды шындай етеді. Айналанда қоршаған ортаң, жақындарың, бала-шаға, ата-ана, байлық, билік, бәрі, бәрі де қалар бір күні. Негізінде, нағыз өмір өлімнен кейін басталады. Қараңғы қабір, көр, мола, құрт-құмырсқаның илеуі болған қорқынышты бір мекен. Ол жерде жаныңа жақын болған еш нәрсе болмайды. Керісінше, тіршілікте естігенде жанын түршігерлік ащы шындық кигенін, көргін келмеген кебін, бар болғаны сол. Дегенмен, қабіріміздің кең немесе тар болуы, ол тағы да адамзаттың таңдауына берілді. Яғни, қабірді кеңейтетін қабір қазушының күрегі емес, адамның иман толған жүрегі. Қабір біздің көз көріп, құлық естімеген бір жай. Әбу Бәкір (р.а.) айтады: «Ақыретіне еш азық жинамай өмірден өткен адам, бейне бір ашық теңізге кемесіз тасталынған адаммен тең. Олай болса, сол бір өлмес өмір келместен, есігімізді ажал періштесі қақпастан бұрын, ізгілікті іс жасап, келген жерімізбен, келудегі мақсатымызды және барар жерімізді еш естен шығармағанымыз жөн шығар, сірә! Біз қалайық, мейлі қалмайық, Алланың ажалы келері хақ! Алайда, Алладан сұрарымыз, Алланың тек қана ақ өлімі. Ащы тұз тамақтың дәмін кіргізгені тәрізді, бәлкім, өміріміздің мәнін кіргізеді. Қашан түбінде қайтар жері Ұлы Раббымыз Алланың алды екенін білген жан иесі, әр басқан қадамы мен әр айтқан сөзі үшін ертең қияметте сұралатынын біліп, кез-келген ісіне саналы түрде қарайтынына еш талас жоқ.

Алла Тағала баршамызға екі өмірдің рақатын сыйлап, қабір азабынан сақтап, мәңгілік жәннат бақтарында болуымызды нәсіп етсін!

**Әнуарбек ДӘУЛЕТКЕЛДІҰЛЫ,
Сарысу ауылдық орталық мешітінің Бас имамы.**

Сұхбат

# 25 ЖЫЛДЫҚҚА ИГІЛІКТІ ІС

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

7. Жезді кентіндегі «Айгөлек» балабақшасының жұмыстарын толық аяқтап, пайдалануға беру.

8. Алғабас селолық округіндегі «Бетбұлақ» орта метебін пайдалануға беру.



**Аудан әкімі Х.Омаров екі пәтерлі 10 үйдің құрылысы нысанында**

9. Егінді селолық округіндегі су құбыры құрылысын аяқтап, іске қосу.

10. Ұлытау-Саламат су құбыры құрылысын аяқтап, пайдалануға беру.

11. Ұлытау селосындағы Бұлқышев көшесіндегі көп профильді балалар ойын алаңын іске қосу.

12. Ақтас поселкесіндегі су қоймасына күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтау.

13. Қарсақбай кентіндегі кәсіптік-техникалық училищесінің күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтау.

14. Ұлытау селосындағы «Өркен» балабақшасының ғимаратына жөндеу жұмыстарын аяқтау.

15. Ұлытау селосының электржүйелеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу.

16. 13 селолық округтерге әмбебап хоккей алаңдарын орнату (ДКЗ-2020бағдарламасы).

17. Қаракеңгір селолық округінде мал қорымы құрылысын аяқтап, іске қосу.

18. Ұлытау селосының Асатов көшесіндегі жолды күрделі жөндеуден өткізу.

19. Жаңадан салынатын екі пәтерлі 10 үйлердің инженерлік коммуникациялық құрылыстарын аяқтау.

20. Алғабас селосында балалар ойын алаңын аяқтау.

21. «Терісаққан көктемі» халықаралық этнофестивалін өткізу.

22. Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған «Тарихтан тағылым-өткенге тағзым» атты халықаралық форум өткізу.

23. «Б.Бұлқышев пен М.Иманжановтың 100 жылдық мерейтойларына» байланысты облыстық ғылыми-практикалық конференция өткізу.

24. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты «Менің елім-Мәңгілік ел» жастар форумы өткізу.

25. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай спорттық шаралар топтамасын өткізу:

-Қазақша күрестен ересектер арасында облыстық турнир өткізу.

-Республикалық деңгейде тау марафонын өткізу.

Мынадай ел халықтың алдында жүргізіліп жатырған құрылыс нысандары ертең-ақ пайдалануға беріліп аудан халқының игілігіне қуанышына айналары сөзсіз. Сол сияқты Республика Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған мәдени-көпшілік шаралар да ел мерекесінің үлкен деңгейінде аталып өтетіндігіне үлкен серпін береді деген үміттеміз.

***Сұрақ:** Ауданымыз негізінен ауылшаруашылығымен айналысатыны белгілі, осы бағытта қандай оң істерімен қуанта алады. Шаруашылықтарда малды асылдандыру, егістік жерлерді тиімді пайдалану т.б. мәселелер төңірегінде ақпарат бере кетсеңіз?*

**Жауап:** Иә, ауданымыз негізінен ауылшаруашылығымен айналысады, оның басым саласы мал шаруашылығы.Бүгінгі күні ауданымыз бойынша 903 шаруа қожалығы



**Ұлытау селосындағы спорт кешенінің құрылысы**

бар. Осының 41-і егін шаруашылығы мен қалған 862-сі мал шаруашылығымен айналысады. Мұның өнімдерімен іргеміздегі Жезқазған, Сәтпаев қалалары да қамтамасыз етілгендігі белгілі, сондықтан жауапкершілігі де жоғары. Өткен жылға көз жүгіртсек ірі қара малы 104, жылқы 107, қой 101,4 пайызға өсіп отыр. Мұның сыртында ауданымызда түйе, құс санынында жылма жыл өсуі 100 пайыздан төмендемей отыр. Бұл әрине көңіл қуантарлық жағдай, ауданымызда мал шаруашылығын дамытуда үлкен қадамдар жасалуда десем артық айтқандық емес. Мәселен, асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау, мал шаруашылығы өнімдерін және сапасын арттыру мақсатында 50702500теңгеге (бюджеттік субсидия) 78 шаруа қожалықтары қамтамасыз етілсе, 111 шаруа қожалығына селекциялық және асылдандыру жұмыстарын жүргізгені үшін 152 430 500 теңге субсидия төленді. Өздеріңіз көріп отырғандай ауданымызда мал шаруашылығы дамуына ғана берілiп отырған субсидия көлемі 203 миллионнан асып жығылып тұр. Айта берсе мал шаруашылығын дамытуда ірі көлемді істер көп-ақ. Айталық Қоскөл селолық округінің «Құрбанбай» шаруа қожалығы 20 миллион несие алып, Новосибирскіден 105 бас асыл тұқымды «Герефорд» ірі қара малын әкеліп асыл тұқымды ірі қара бөлімшесін (фермасын) ашты. Жалпы ауданымыз бойынша 4 шаруашылық асыл тұқымды ірі қара өсірумен айналысып отыр. Мұның сыртында «Сарысу» шаруа қожалығы (М.Ақшалов) асыл тұқымды қой шаруашылығын дамытуды. Таратып айта берсек бұл бағытта ауыз толтырып айтар оң жұмыстар баршылық, «Жарасбаев» шаруа қожалығы өз қаражатына 250 басқа арналған мал бордақылау алаңын салуда. Әрине, бұл үлкен жұмыс. Сол сияқты ауданымызда асыл тұқымды ірі қара маланың репродукторын ашу мақсатындағы жұмыстар да мақсатты жүргізіліп отырған. Айталық, Мибұлақ селосының округіндегі «А.Мулахов» шаруа қожалығы жеке өз қаражатына 81 басқа ірі қара асыл тұқымды репродукторын құрды. Ақмола облысының Сандықтау ауданына қарасты «Болашкина» асыл-тұқымды зауытынан 21 млн теңгеге 38 бас асылтұқымды қашар малын әкелді. Бүгінгі күнде «Казагроқаржы» АҚ-нан 500 басқа дейін шаруашылықтары ұлғайту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осы салаға қатысты «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы «Т.Сексенбаева» шаруашылығы аудан орталығында «сүт қабылдау және оны өңдеу» цехын ашуды ұйымдастыру жұмыстарын жүргізетін болды. Бүгінгі күні цехқа қажетті құрал жабдықтар алу жұмыстары басталып та кетті. Мінекей осындай-осындай оң істер, мемлекет тарпынан жасалып отырған қамқорлықтар мен орасан зор қолдаулар біздің шаруашылықтарымыздың дамыған үстіне дами беретіндігіне еш күмән келтірмейді. Мұның сыртында 41 шаруа қожалығы егін егумен айналысуда.

Ауданымыз бойынша 22 мың гектардан аса егін егілді. Ең бастысы шаруа игерлері егін егіп жинауды жаңа агротехникалық жағдайда жүргізеді. Айталық, «Бекетай-Баба», «Қамысханов», т.б. шаруа қожалықтары шетелдік жаңа техникалармен жаб-



**Кәсіпкер Ахмировтің табиғи ауызсу шығаратын орны**

дықталып, жаңа агротехникалық бағытта жұмыс істейді. Атап айтқанда, аудан бойынша лизингке «Казагрофинанс» АҚ орнына 53 805 000 теңгеге ауылшаруашылық техникалары сатып алынды. Бұл шаруа иегерлеріне деген үлкен қолдау.

***Сұрақ:** Аудан территориясынан Жезқазған-Бейнеу, Шұбаркөл-Арқалық теміржолдарының өтуінің қаншалықты әлуметтік-экономикалық басымдықтары бар?*

**Жауап:** Орасын зор. Орасан зор дейтініміз оның ең бастысы аудан ішіндегі жол қатынасын жақсарту, жұмыссыздық деңгейін азайтуға үлкен септігін тигізіп отыр. Қазірдің өзінде 250-ден астам адам жұмыспен қамтылып отыр. Соншама адам жанұясын асырауға мүмкіндік алды. Арнайы жолдамамен курстарда оқып, теміржол жөндеуші, вогон қараушы мамандықтарын игерген азаматтарымыз жұмыс істеп жатыр. Мұның сыртында қаншама әлуметтік нысандардың бой көтергендігі ел-халықты қуантып отыр. Жаңа тұрғын үйлер, мектеп, балабақша, амбулаториялық дәрігерлік кешендер, асхана, монша, азық-түлік және өндірістік заттарды сататын дүкендер, наубайхана, ұн-көкеніс қоймалары, 25 тонналық мұздатқыштар, монша, тұрмыстық көрсету нысандары, қонақ үй, жылу беру орталықтары, су көтеру станциялары тіпті айтып тізе берсе көпақ. Мұның барлығы сұранып тұрған жаңа жұмыс орындары. Ең бастысы жергілікті жерлердегі теміржол станциялары вокзалдардың инфраструктуралық құрылымының мұншама дамуы халықтың тұрақтануына игі әсерін тигізетіні ақиқат. Сонымен бірге бүгіннің өзінде қаладан ауылға көшіп келуге ниет білдірушілер санының артуы да көп нәрсені аңғартса керек.

***Сұрақ:** Кәсіпкерлікті дамыту мақсатындағы орамды істер және ауданымызда туризмді дамыту бойынша қолға алынған жұмыстар төңірегінде айтарыңыз бар болар?*

**Жауап:** Бұл бағытта ең бірінші шағын бизнес саласын айтуға болады. Ал шағын бизнес саласы бойынша осы мерзімге тауар айналымы 60 миллионға жетіп жығылып отыр. Бұл жаман көрсеткіш емес. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш толыққан үстіне толыға түсетіндігіне сенуіміз болады. Үстіміздегі жылдың осы мерзіміне өндірілген өнім көлемі 718 миллионды құрап отыр. Бұл көрсеткіш былтырғы жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 103,7 пайызға жетіп отыр. Үлкен алға ілгерілік барлығы көрініп-ақ тұр. ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бағдарламасы шеңберінде ауданымыз бойынша 4 жобаның құжаттары жинақталып, мемлекеттік грантқа ұсынылса осы іс оң нәтижесінде бере бастады. Айталық, байқоңырлық Шалқар Тұрсыновтың (Жанкелді селолық округі) «Айшагүл» атты тігін цехы жергілікті халықтың қажеттін өтеп, қызметін шалқытып алып та кетті.

(Жалғасы 7-бетте).

Сұхбат

# 25 ЖЫЛДЫҚҚА ИГІЛІКТІ ІС



Ұлытау селосындағы пайдалануға берілетін жаңа емдеу орталығы (поликлиника) ғимараты

Мұндай игілікті істер әрине жалғасын таба береді. Сондай-ақ, Елбасымыздың «Қазақстанда жасалған» акциясы біздің аудан кәсіпкерлері тарапынан үлкен қолдауға ие болғанын айта кеткен ләзім. Тиісті мекемелер тарапынан өзіміздің отандық тауарларды сатып алу жөнінде насихат жұмыстары жүргізіліп, дүкен сөрелері арнайы «Қазақстанда жасалған» деген логотиптермен толықтырылды. Бүгінгі күнде ауданымыздың 90-ға жуық дүкендеріне отандық тауарларға арнап сөрелер жасақталды. Бұл Елбасының акциясын қолдаудағы жарқын көріністер. Сол сияқты ауданымызда инфляциялық процестерді тежеу жөнінде аудандық штаб және жұмысшы топтары азық-түлік бағаларына күнделікті бақылау (мониторинг) жүргізуі де кәсіпкерлеріміздің жауапкерлігін арттырады деген ойдамыз. Айта кеткеніміз абзал азық-түлік бағаларын асыра көтермеу жөнінде (10 пайыздан аспау) жеке кәсіпкерлермен меморандум да жасалып қойылған. Бұл жұмыстарда өз нәтижесін бермек. Ал екінші мәселе, ауданда туризмді дамыту күн тәртібіндегі ең негізгі, көкейтесті мәселелердің бірі. Өздеріңіз білетіндей алыс-жақын шет мемлекеттерде туризм арқылы сол елдің экономикасын, дамыту жағдайлары мықтап қолға алына бастаған мұның алғы шарттары біздеде жетерлік. Мәселен, ауданымыздың территорясындағы 736 тарихи ескерткіштер болса оның ішінде әлемге танымал болған Жошыхан (XII ғ.) , VII-VIII ғасырларға жатқызылатын Алашахан, Домбауыл, Басқамыр, Алтын шоқы, Едіге, Хан ордасы (XVғ) Ерден кесенелері республикалық маңызы бар ескерткіштер екендігін әсіресе кейінгі толқын жастарымыздың біліп отырғандары да дұрыс. Айта кеткеніміз жөн ауданымызға жиі келетін туристерімізді 3 топқа жатқызуға болады. Олар бірінші тағзым етушілер, екінші тарихшылар, үшінші топ санатына табиғат қызықтаушылар. Үшеуіне бірден ден қоятындарда жоқ емес. Мәселен бірінші санаттағы туристерміздіздің көбі Әулиетау шыңына көтеріліп, Теректі әулие кешеніне тағзым етеді. Ал, тарихшылар хандардың ханы Шыңғыс ханның үлкен ұлы және шығыс Европаны жаулап алушы Бату ханның әкесі Жошыхан мазарына, сонымен қатар, ірі тарихи тұлғалар Алашахан, Құтылық-Темір, Тоқтамыс, Болған ана, Құлан ана, Асанқайғы, Алтын орда, Едіге басында болып, тау тастарына қашалып жасалған Теректі Әулие, Байқоңыр, Зыңғыртас, Тамды, Бұланты жазбалар галерияларын тамашалайды. Ал туристердің үшінші санатында табиғат қызықтаушылар орын алады. Олар: аңшылар, балықшылар, саңырауқұлақ, жеміс-жидек және емдік шөптер терушілер, суретшілер мен фотографшылар, тауға шығушылар, спортшылар мен ғалымдар және студент жастар мен мектеп оқушылары.

Өткен жылы Ұлытау өңірінің насихатталуын жетілдіру мақсатында Қазақстан географиялық қоғамының қатысушылары мен ауданымызда кешенді экпедиция жұмыс істеді. Оған тарихшы-археологтар, зертеуші геогрофтар, биолог-ботаниктер, туризм саласының мамандары және СТВ телеарнасы журналистері қатыстырылды. Ұлытау өңірінің дала төскейлінде он күн бойы тынбай жұмыс істеген СТВ арнасының мамандары екі сериядан тұратын «Қазақстаның белгісіз қырлары» деректі фильмін дүниеге әкелді. Айта берсек ауданымызда туризмді дамыту бағытында атқарылып жатырған жұмыстар баршылық. Бүгінгі күннің өзінде туризмді дамыту мақсатында «Ұлытау» ЖШС-гі Әулиетау етегінде киіз үйді орналастырып, этноауыл жасап келген туристерге өз қызметтерін көрсетіп жатыр. Әйтсе де атқарылмаған жұмыстар бұдан да ауқымды. Айталық, ауданымыздың облыс, астана аймағынан географиялық шалғай орналасуы ойға алған көп жұмыстарды аяғына жеткізуге өз кедергісін тигізіп отырғандығы жасырын емес. Әйтсе де, бізде бұл қиыншылықтардан шығу жолдарын қарастыру үстіндеміз. Басты мақсатымыз туристік инфрақұрылымды дамыту, сервистік, сапалы қызмет көрсету жұмыстарын жандандыру, сөйтіп ауданымызды нағыз туризм орталығына айналдыру, осы бағытта бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалану.

***Сұрақ: Қарттар мен мүгедектердің қамқорлық аясы қаншалық, бұл бағыттағы игілікті істер деп нені айта аламыз?***

**Жауап:** Бұл мәселе назарымыздан еш тыс қалып көрген емес. Әсіресе кейінгі ұрпаққа өз іздерін қалдырған, біздерді бейбіт те жарқын өмір сүруге септігін тигізген, Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен еңбек ардагерлері тұрақты назарда ұсталады. Мемлекет берген жеңілдіктер мерзімінде көрсетіледі. Әр ардагерге көмек қолын созып отыруды парызымыз деп есептейміз. Аудан орталығында ардагерлер клубына арнайы орын беріліп, ақсақалдарымыздың бір-бірлері менжолығысып, қауқылдасып, емен-жарқын жүздесіп отыруларына да жағдай жасалып отыр.Жуырда ақсақалдар клубы іші жаңа жиһаздарымен толықтырылды. Мұнда газет-журналдар да жеткілікті беріледі. Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақпен жеткілікті жабдықталған. Осындағы теледидардан Елбасы жолдаулары мен басқа да еліміз туралы ақпараттарды бірігіп көрген ақсақалдарымыз ел бірлігінің ұйытқысы ретінде салиқалы ойларында бөлісіп қояды. Ал ауданымыздағы мүгедек жандарға қамқорлық ҚР денсаулық сақтау және әлуметтік даму министрлігінің «мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» заңы негізінде жүргізіледі. Ауданымызда мемлекет тарапынан мүгедектерге көрсетілетін 8 қызмет түрінің барлығы қамтылған. Әсіресе мүгедектерді санаторий-курорттық емдеу, мүгедектерге кресло-арбалар әперу, медециналық қызмет көрсету сияқты бірнеше қажеттіліктер қадағаланып, бақылауда ұсталатыныды. Аудандық Жұмыспен қамту және әлуметтік бағдарламалар бөлімі ММ-сі мүгедектерге байланысты мемлекеттік қамқорлықты тұрақты назарда ұстап отырады.



«Жезқазған-Бейнеу» бағытындағы теміржолдың ашылуы ұлытаулықтар үшін зор қуаныш

***Сұрақ: Бүгінгі билікпен аудандық мәслихат депутаттары, жаңа жұмысын бастаған аудандық қоғамдық кеңестің рөлін қалай бағалар едіңіз?***

**Жауап:** Айналып келгенде барлық құрылымдікі халыққа қызмет ету. Мәселен, мәслихат депутаттарының тұрақты комиссиялары мен мәслихат сессиясында көтерілген мәселелері назардан тыс қалып көрген емес, сол сияқты қоғамдық кеңестіңде ауданымыздың мәдени-әлеуметтік салаларына ден қоюы мекеме, кәсіпорын басшыларының жауапкершілігін артыратындығы сөзсіз. Қысқасы осындай бір-бірімізбен ортақ мүддеде жұмыс істеуден ұтпасақ ұтылмаймыз.

***Сұрақ: Білім, медецина салаларына қаншалықты назар аударылды. ҰБТ-да ауданымыз 2 алтынды қоржынына басты деп шуласып жатырмыз. Бұл аз ба, көппе?***

**Жауап:** Бұл екі салада негізгі салалардың біріне жатады. Сараптап отырсақ аудандық бюджеттің басым бөлігі білім саласына бағытталады. Сондықтанда бүгінгі күні білімді ұрпақ тәрбиесіне аса ден қоюмызды мемлекеттік саясатты, Едбасымыздың берік ұстанымын орына апару деп түсінгеніміз абзал. Ауданымыз бойынша 38 білім және тәрбие беру орындары бар. Таратып айтар болсақ 15 орта мектеп, 2 – негізгі, 5-балабақша, 14 шағын орталық, 2 мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдары (ән-күй мектебі, оқушылар үйі) бар. Мектептер компьютермен толық қамтамасыз етілген. Ауданымыз бойынша барлық мектебіміз кең жолақты интернет желісіне қосылған. Тиісті техникалық құралдармен жабдықталған. Бұл іс әлі де жалғасын таба бермек, ең басты мәселелердің бірі материалдық-техникалық базаны жетілдіру екені белгілі ғой. Бұл тұрғыда да атқарылып жатырған жұмыстар баршылық, тек қана жаңа оқулықтармен мектеп оқушыларын қамтамасыз етуге аудандық бюджеттен 18 миллион теңге қаражат бөлінді. Ал апаттық жағдайда тұрған жалғыз мектебімізге (№14 Алғабас орта мектебі) аудан бюджеті есебінен 256 млн. қаржы қарастырып, 80 орындық жаңа мектеп құрылысы жүргізілуде. Бұл мектеп үстіміздегі жылы пайдалануға беріліп, оқушыларымызды қуантпақ. Жекелеген мектептер мен балабақшалар ағымдағы, күрделі жөндеуден өтуде, осы істеліп жатқан игіліктердің бәрі оқушыларымыздың сапалы, жаңаша лепте білім алуларына, бүлдіршіндер тәрбиесіне игі әсерін тигізеді деген үміттеміз. Ал жаңағы өздеріңіз айтып отырған ұлттық бірыңғай тестілеу сынағында 2 оқушымыздың алтынға ие болуы біздің мектеп ұстаздарының еккен жемісінің нәтижесі деп айтсақ артық айтқандық емес. Ал оның аз ба, көп пе екендігіне мезгіл, уақыт төреші ғой. Дегенмен, алтынға алтын қосу мүмкіндігі болатындығы көрініпақ қалды.

Ең маңызды салалардың бірі медицина саласы екендігі айтпаса да белгілі. Бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Ауданымыздағы барлық дәрігерлері мен орта буын медбибілері арнайы аттестациядан өткізіліп, толығымен сертификатпен қамтамасыз етілген. Аудан емханасында негізінен терапия, педиатрия, хирургия, гинекология, кардиология, неврология, жалпы және басқа да бөлімдер халыққа медициналық қызмет көрсетеді. Жетіспейтін мамандарда жоқ емес.Мәселен, тіс дәрігері, (стомотолг) онколог дәрігерлерді сырттан алдыруға тура келеді. Бұл жағдайды да түбегейлі шешуге мақсатты жұмыстар жүргізілуде. Ал облыс әкімінің қолдауымен жүргізіліп отырған жұмыстар қаншама. Үстіміздегі жылдың өзінде Қарағанды облысы «Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар орталығы» және Қарағанды облыстық медицина университетінің дәрігерлер бригадасы келіп халық арасындағы экологияға тәуелді ауруларды анықтау және жергілікті халық денсаулығын тексерулер, лабороториялық зертеулер жүргізді. Бұл үлкен жұмыс. Мұндай игілікті істер жылма-жыл жалғасын тауып отырмақ. Ауданымыздағы отбасылық дәрігерлік амбулаториялардың басым бөлігі интернет жүйелеріне қосылып, күн сәулесі батерияларымен қамтамасыз етілген. Аудандағы медициналық қызмет көрсету орындары жедел жәрдем автокөліктерімен толық жарақталған.Орталық аурухана кез-келген ауа-райында дәрігерлік көмек көрсететін «Бобр» автокөлігі де бар. Біздер аудан әкімдігі әсіресе осы саланы тұрақты назарда ұстап отырамыз. Өз халқымыздың денсаулығы үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану борышымыз ғой.

**Хамит Нұрланұлы, уақытыңызды бөліп арнайы сұхбат бергендігіңізге редакция ұжымы атынан ризашылығымызды білдіреміз. Ауданымыздың экономикасымен мәдениетінің дамуында әлі де ауқымды да жарқын істердің куәсі болатындығымызға сенімдіміз. Халық үшін атқарып жатқан істеріңізге сәттілік тілейміз! Рахмет!**

***Біздерге сұхбат берген аудан әкімі Омаров Хамит Нұрланұлы жалпы ауданымыздың бүгінгі әлуметтік экономикалық дамуынан толыққанды хабардар етті. Атқарылған жұмыс жетерлік, келешекте атқарылмақ жұмыс жоспарыда баршылық екендігін аңғартты аудан басшысы. Аудан орталығында кәріз жүйесін (канализация) жүргізуге 1 млрд 700 млн теңге жоспарланып отыр. Бұл жұмысты аяғына дейін апарып, 1917 жылы бітіру (кезең-кезеңімен) белгіленіпте қойылған. Тарихымызда көшпенділердің көшесіз астанасы аталған Ұлытаумыздың бүгінгі даму қарқыны көңіл қуантарлықтай. Өздеріңіз куә болып отырғандай ауданымыздың бүгінгі даму үрдісі ертеңгі болашағына деген үлкен сенім қалыптастырғандай.***



# АУДАНДЫҚ СОТПЕН БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ ӨТТІ

Жасұлан АЯШЕВ

Дүйсенбі күні Жезқазған қалалық «Дидар» телеарнасы арқылы Ұлытау аудандық сотының төрағасы Сәрсен Сағатов БАҚ өкілдерімен жүздесіп, баспасөз мәслихатын өткізді.

Баспасөз мәслихатында аудандық соттың төрағасы С.Сейткенұлы 2016 жылдың 6 айында атқарған жұмыстарын егжей-тегжей баяндады.

2016 жылдың 6 айында азаматтық істер қарау деңгейі 44 іске көбейген. Оның 2-еуі апелляциялық сатыда қаралып, сот шешімдері өзгеріссіз қалдырылған. Қылмыстық істер қарау деңгейі 7 іске артқан, 1 қылмыстық іске байланысты жеке айыптау ісі қысқарған. Осы 6 айдың ішінде қылмысына байланысты түзету жұмыстарына 2-еуі, қоғамдық жұмыстарға 1-еуі жіберілген. ҚР КК-нің 63-бабына сәйкес шартты жаза 3-еуіне қолданылған. Ал, бас бостандығынан айырылумен жазаланғандар- үшеуге жетіп отыр.Барлығы 13 тұлғаға, 10 үкім шығарылған.




2016 жылдың 6 айында 53 әкімшілік құқықбұзушылық істер түсіп, 2-еуі кері қайтарылып, 51 әкімшілік іс қаралған. Олардың ішінде 4 іс қысқарған. 31-іне әкімшілік айыппұл, 8-іне әкімшілік қамау, арнайы құқығынан айырылғандар саны 6, ескерту жазалары қолданылғандар 2-еу. Жалпы осы 6 айда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шығарылған қаулыларға апелляциялық шағым түспеген. Бұл аудандық соттың әр іске әділ қарап, тура шешімін шығарғанның белгісі.

Баспасөз мәслихатында Жезқазған-Ұлытау аймағынан қатысқан БАҚ өкілдері өз сауалдарын қойды. Қойылған сұрақтар бүгінгі сот реформаларына сәйкес жаңа өзгерістер төңірегінде өрбіді.

Жалпы аудандық соттың әрбір қылмыстық істі қарау кезінде әділ шешім қабылдағаны аудан жұршылығынан арыз-шағымдардың түспеуінен байқалып тұр.

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ –
## ҚОҒАМ ҮШІН ҚАУІПТІ ДЕРТ



Тәуелсіз еліміздің экономикасының дамуына кедергі келтіретін, қоғам дертіне айналған мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлық.Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің әрқайсысын қатты алаңдатып отыр.

Сыбайлас жемқорлық ұлтымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің халықаралық беделіне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына елеулі нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс. Сондықтан да онымен күресті тек заң қызметкерлері ғана жүзеге асырады деп бойымызды аулақ салмай, бірлесе күресу баршамыз үшін маңызды іс.

Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықты болдырмау үнемі назарда ұсталып келеді. Аталған бағытта атқарылып жатқан шаралардың басты мақсаты – мемлекеттік органдардың және азаматтық қоғам институттары қызметін үйлестірудің тиімділігін арттыру жолымен қоғам өмірінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Сыбайлас жемқорлық – адамдардың қоғамның демократиялық бастауларына, заң мен шындыққа, сайып келгенде билікке деген сенімін әлсіретеді.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты биылғы Жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру- аса маңызды міндет екендігін атап көрсеткен болатын. Бұл сыбайлас жемқорлықпен күресудің маңызды жолы. Елбасының бүгінгі таңда алға қойып отырған міндеті мен талабы да осы. Олай болса қоғам, оның әрбір мүшесі болып жемқорлықпен күрес жүргізуіміз қажет.

**Ұлытау ауданы бойынша Мемлекеттік Кірістер басқармасы.**

# «ЖЕР УЧАСКЕСІНІҢ КАДАСТРЛЫҚ (БАҒАЛАУ) ҚҰНЫН АЙҚЫНДАУ және БЕКІТУ ЖӨНІНДЕГІ КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТҮРІ БОЙЫНША

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы №272 бұйрығына 7-қосымша «Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес мемлекеттік қызмет түрі көрсетілетін қызметті берушіге , Мемлекеттік корпорацияға құжаттар тапсырған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні.

«Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық бағалау құнын бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі-мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі-жер учаскесінің кадастрлық бағалау құнының бекітілген актісі.

Көрсетілетін қызметті алушы не заңды тұлғанның өкілеттігін растайтын құжат бойынша, жеке тұлғаның өкілеттігін расталған сенімхат бойынша уәкілетті өкілі мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету құжаттар тізбесі;

1. осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2. осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік кәсіпорын есептеген жер учаскесінің бағалау құнын айқындау актісі.

Жеке басты куәландыратын




министрлігі(бұдан әрі министрлік) әзірледі.

Мемлекеттік қызметті облыстардың , Астана мен Алматы қалаларының аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі Мемлекеттік корпорация)

Ескерту 3-тармаққа өзгеріс енгізілді-ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а 21.01.2016 №24 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі:

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі;

Көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорация ға құжаттар пакеті тапсырылған күннен бастап-3 (үш) жұмыс күні;

Құжаттар пакетін тапсыру үшін ең ұзақ жол берілетін кезек күту уақыты -15 (он бес) минут; Ең ұзақ жол берілетін қызмет көрсету уақыт-15 (он бес) минут.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттар қабылданған күн мемлекеттік көрсету мерзіміне кірмейді. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу қайта тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мен Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электронды үкімет шлюзі арқылы алады.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз «электрондық кезек тәртібінде көрсетіледі. Мемлекеттік корпорацияда -Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі мереке күндерін қоспағанда, жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда,жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы - «Халыққа қызмет көрсету орталығы» департаментінің Ұлытау аудандық бөлімі дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыс кестесіне түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы - «Халыққа қызмет көрсету орталығы» департаментінің Ұлытау аудандық бөлімі.**

Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 30 мамырдағы №37/03 қаулысымен бекітілген

# «МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ТАҒАЙЫНДАУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ РЕГЛАМЕНТІ

**1. Жалпы ережелер**

1. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Мемлекеттік қызметті аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11342 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: 1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – МК); 2) көрсетілетін қызметті беруші; 3) тұрғылықты жері бойынша көрсетілетін қызметті беруші болмаған жағдайда - кент, ауыл, ауылдық округтің әкімі (бұдан әрі – ауылдық округ әкімі) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

**2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіздеме Стандарттың 9-тармағындакөрсетілген құжаттарды (бұдан әрі – құжаттар) ұсынуы.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері қажетті құжаттарды қабылдауды және тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады - 15 (он бес) минут.

Нәтижесі – құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына бұрыштама қоюға жолдайды;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды - 1 (бір) жұмыс күн.

Нәтижесі – құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жолдайды;

көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы келіп түскен құжаттарды қарайды, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қою үшін жібереді - 5 (бес) жұмыс күн.

Нәтижесі – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қою үшін жолдайды;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаға қол қояды - 1 (бір) сағат.

Нәтижесі – қол қойылған мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне тіркеуге жолдайды;

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға береді - 15 (он бес) минут.

Нәтижесі - мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті алушыға береді;

2) ауылдық округ әкіміне жүгінген кезде:

ауылдық округ әкімі аппаратының маманы көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттарды тапсырған кезден бастап оларды қабылдауды және тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады - 15 (он бес) минут.

Нәтижесі – құжаттарды ауылдық округ әкіміне бұрыштама қоюға жолдайды;

ауылдық округ әкімі құжаттармен танысады және ауылдық округ әкімі аппаратының жауапты орындаушысын анықтайды - 1 (бір) жұмыс күн.

Нәтижесі – құжаттарды ауылдық округ әкімі аппаратының жауапты орындаушысына жолдайды;

ауылдық округ әкімі аппаратының жауапты орындаушысы келіп түскен құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті алушының құжаттарымен қоса көрсетілетін қызметті берушіге жолдау үшін ілеспе хатты дайындайды - 8 (сегіз) жұмыс күн.

Нәтижесі – көрсетілетін қызметті берушіге жолдау үшін көрсетілетін қызметті алушының құжаттарымен қоса ілеспе хаттың жобасын ауылдық округ әкіміне қол қоюға жолдайды;

ауылдық округ әкімі көрсетілетін қызметті алушының құжаттарымен қоса ілеспе хатқа қол қояды -1 (бір) жұмыс күн.

Нәтижесі – қол қойылған ілеспе хатты көрсетілетін қызметті алушының құжаттарымен қоса көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды;

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері қажетті құжаттарды қабылдауды және тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады - 15 (он бес) минут.

Нәтижесі – құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына бұрыштама қоюға жолдайды;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды - 1 (бір) жұмыс күн.

Нәтижесі – құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жолдайды;

көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы келіп түскен құжаттарды қарайды, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қою үшін жібереді - 5 (бес) жұмыс күн.

Нәтижесі – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қою үшін жолдайды;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаға қол қояды - 1 (бір) сағат.

Нәтижесі – қол қойылған мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне тіркеуге жолдайды;

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны тіркеу журналына тіркейді және ауылдық округ әкіміне жолдайды - 15 (он бес) минут.

Нәтижесі – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны ауылдық округ әкіміне жолдайды;

ауылдық округ әкімі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті алушыға береді -1 (бір) жұмыс күн.

Нәтижесі - мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті алушыға беру.

**3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлердің) тізбесі: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері; 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы; 3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы; 4) ауылдық округ әкімінің маманы; 5) ауылдық округ әкімі; 6) ауылдық округ әкімінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттауы:

1) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері қажетті құжаттарды қабылдауды және тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады - 15 (он бес) минут;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды - 1 (бір) жұмыс күн;

көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы келіп түскен құжаттарды қарайды, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қою үшін жібереді - 5 (бес) жұмыс күн;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаға қол қояды - 1 (бір) сағат;

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға береді - 15 (он бес) минут.

2) ауылдық округ әкіміне жүгінген кезде:

ауылдық округ әкімі аппаратының маманы көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттарды тапсырған кезден бастап оларды қабылдауды және тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады - 15 (он бес) минут;

ауылдық округ әкімі құжаттармен танысады және ауылдық округ әкімі аппаратының жауапты орындаушысын анықтайды - 1 (бір) жұмыс күн;

ауылдық округ әкімі аппаратының жауапты орындаушысы келіп түскен құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті алушының құжаттарымен қоса көрсетілетін қызметті берушіге жолдау үшін ілеспе хатты дайындайды - 8 (сегіз) жұмыс күн;

ауылдық округ әкімі көрсетілетін қызметті алушының құжаттарымен қоса ілеспе хатқа қол қояды -1 (бір) жұмыс күн;

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері қажетті құжаттарды қабылдауды және тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады - 15 (он бес) минут;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды - 1 (бір) жұмыс күн;

көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы келіп түскен құжаттарды қарайды, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қою үшін жібереді - 5 (бес) жұмыс күн;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаға қол қояды - 1 (бір) сағат;

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны тіркеу журналына тіркейді және ауылдық округ әкіміне жолдайды - 15 (он бес) минут;

ауылдық округ әкімі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті алушыға береді -1 (бір) жұмыс күн.

**4. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау**

8. МК жүгіну тетігінің сипаттамасы, көрсетілетін қызметті алушының өтінішін өңдеудің ұзақтығы:

